

Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың басымдықтары мен аймақтық бағдарламалары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 7 шілдедегі N 3589 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.

"Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, сондай-ақ шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін барынша қолайлы жағдайлар жасау, олардың қызметін қаржылық және ақпараттық тұрғыда қамтамасыз ету тетіктерін жетілдіру мақсатында қаулы е т е м і н :

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) аумақтық жағдайларды ескере отырып, тауарлар өндіру мен қызмет көрсету түрлері жөнінде шағын кәсіпкерлікті дамытудың басымдықтарын анықтайтын болсын, бұл ретте мыналар:

- импортты алмастыратын халық тұтынатын тауарлар, құрылыс материалдарын, құрал-жабдықтардың шағын түрлерінің жаңа өндірістерін құру және олардың жұмыс істеп тұрғандарын дамыту;

- қызмет көрсету саласын, бірінші кезекте жекеменшік пәтер иелерінің кооперативтері көрсететін қызмет саласын дамыту;

- аграрлық кешен өнімдерін әрі қарай өңдеу жөніндегі өндірістерді дамыту 1997-1998 жылдарда шағын кәсіпкерлікті дамытудың негізгі басымдықтары деп с а н а л с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын даму басымдықтарын ескере отырып, шағын кәсіпкерлік субъектілерін несиелендіруі үшін екінші деңгейдегі банктерді ынталандыру тетіктерін жасасын;

3) 1997 жылғы 1 қыркүйекке дейін комиссия құрып, оған мына мәселелер жөніндегі шешімдерді зерделеуді және әзірлеуді жүктейтін болсын:

- бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың құрылымы мен қызметін оңтайландыру;

- мемлекеттік органдардың шағын кәсіпкерлік субъектілерін тіркеу және олардың шаруашылық қызметі кезінде экономикалық негізделмеген ақылы

қызметтер көрсетуін жою;

- тарифтер мен бағаларды өз бетімен тағайындауға жол бермеу мақсатында мемлекеттік органдар көрсететін ақылы қызметтерге оларды белгілеудің қатаң тәртібін айқындау.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын даму басымдылықтарын ескере отырып, екі апта мерзімде шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың аймақтық (облыстар бойынша) бағдарламаларын жасау әдістемесін әзірлеп, бекітсін;

2) 1997 жылдың 1 қыркүйегінен бастап облыстар мен Алматы қаласының шегінде шағын кәсіпкерліктің барлық субъектілері бойынша статистикалық есептіліктің міндетті нысанын енгізсін:

3) облыстардың және Алматы қаласының әкімдерімен бірлесе отырып, халықтың импорттық тауарларды тұтынуының құрылымын айқындау үшін, сондай-ақ жекешелендіруден кейін қолдау мақсатында халық сұранысына жауап беретін халық тұтынатын тауарлар өндіру мен қызметтер көрсету жөніндегі жұмыс істеп тұрған өндірістік қуаттардың жай-күйі туралы арнайы тексеру жүргізсін;

4) шағын кәсіпкерлік субъектілерін тауарлар мен қызметтердің жекелеген түрлерін тұтыну мен өндіру рыноктарының жай-күйі туралы маркетингтік ақпаратпен қамтамасыз етуді жақсарту, қаржыландыруға байланысты тәуекелдерді төмендету мен инвестициялар жасаудың тиімділігін арттыру мақсатында шағын кәсіпкерліктің қаржыландырылатын жобалары жөнінде тұрақты жұмыс істейтін мәліметтер базасын жасайтын болсын.

3. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері үш ай мерзімде тауарлар өндіру мен көрсетілетін қызметтердің жаңа түрлері мен көлемін, қаржыландыру көздерін, бағдарламаның әрбір тармағы бойынша атқарылу және іске асырылу мерзімдерін көрсете отырып, шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың 1997-1998 жылдарға аймақтық бағдарламаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігімен келіссін.

4. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы жоғары экономикалық кеңес осы Жарлықтың атқарылу барысы туралы тоқсанына бір рет баяндап отыратын болсын.

5. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК